

«ЖАҢА МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ АЙТЫЛДЫ, ЯҒНИ БИЛІК ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАРЫ МЕН НОРМАЛАРЫ ҚАЖЕТ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА, ҚАЖЕТТІ ҚАЙТА ҚҰРУЛАР ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП, САЛАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ МАҚСАТТЫ МІНДЕТТЕРІН ТҰЖЫРЫМДАУ ҚАЖЕТ».



Юрий ЛАВРИНЕНКО,
«KAZLOGISTICS» ҚҚО төрағасының орынбасары



№12 (2727)
22/02/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

АУҒАНСТАНҒА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖЕТКІЗІЛДІ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ еншілес ұйымы KTZ Express тарапынан Ауғанстан Ислам Республикасына қазақстандық гуманитарлық көмекті жеткізу ұйымдастырылды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

«KTZ Express» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылдың 24 желтоқсанындағы №930 «Ауғанстан Ислам Республикасына ресми гуманитарлық көмек көрсету туралы Қаулысына сәйкес азық-түлік өнімдері мен медициналық дәрі-дәрмектер, палаткалар тиеген 6 жабық вагонның жөнелтілімін ұйымдастырды. Қазақстанның Құлайғыр, Қырқыныш, Ақтөбе-2, Шымкент және Алматы-1 станцияларында жасақталған пойыздар ауғандық Хайратон теміржол станциясына еш кедергісіз жеткен. Жүкті жөнелтушілер ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік материалдық резерв жөніндегі



комитетінің «Резерв» шаруашылықты жүргізу құқығына ие республикалық мемлекеттік кәсіпорын және «СК-Фармация» ЖШС болып табылады. Жүк жөнелтушілердің айтуынша, ауған халқының тұрмыстық



жағдайын жақсартуға бағытталған гуманитарлық жөнелтілімдер бұдан былай тұрақты және жүйелі түрде жүзеге асырылатын болады. Жалпы Қазақстан мен Ауғанстан елдері арасында екі жақты сауда айналымы жақсы жолға қойылған. Қазақстан өз тарапынан ауған еліне жүк көлемі мен тауарлар тізімін кеңейтуге мүдделілік танытуда. Осы

ретте, біздің ел Ауғанстанға астық пен ұнның негізгі жеткізушісі болып табылатынын айтып өтейік. Экспортталатын қазақ ұнның басым бөлігі және астықтың 10% астамы ауған нарығына бағытталған. Еске сала кетсек, өткен жылдың қаңтар-қазан аралығында екі ел арасындағы сауда айналымы 345,9 млн АҚШ долларын құраған.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Дүйсенбай Тұрғанов теміржолшылармен кездесті. Ол Қаңтар оқиғасы, соған орай берілген Президент тапсырмасын орындау міндеттері, депутаттық корпусы қазіргі жұмысы жөнінде баяндады.

Күнде келе бермейтін депутатқа теміржолшылар көкейде жүрген сұрақтарын да қойды. «Темір жол – қауіпті аймақ, жұмысы қиын сала. Мұнда дала төсінде, жел өтінде жүріп, күні-түні үздіксіз жұмыс атқарылады. Соған орай теміржолшылардың зейнет жасын төмендету тетіктері қарастырылса» деп сауал тастады теміржолшы Б.Өтеулин. Депутат кейбір мамандықтарға болмаса, оған әзірге үкімет тарапынан қарастырылып жатқан жеңілдік жоқ екенін жеткізді.

Атырау-Астрахань тас жолы жөнінде қойылған сауалға ол 2023 жылы бітетінін, Доссор-Құлсары жолын 4 жолақты қылу жоспары барын, ал Мұқыр-Құлсары тас жолының мәселесі шешілмей тұрғанын айтты. Атырау өңірін экологиялық апатты аймаққа жатқызуды заңдастыру бойынша сұраққа оның заңды механизмдерін зерделеуге қажетті ойын білдірді.

– Менің депутаттық сауалым Жайық өзені және Жем, Ойыл, Сағыз өзендерінің қазіргі жайы, экологиялық ахуалы жөнінде болды. Ол жөнінде экология министрлігімен де атқарылар жұмыстар шешімін күтіп тұр. Жұырда министрің Атырау өңіріне келу жоспары бар, сол кезде халықпен кездесіп, тағы да бұл мәселені талқылаймыз», – деді депутат. *Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау*



Абай ТУРИКПЕНБАЕВ,
председатель правления
АО «НК «АМТП»:

Әлеуметтік жүк ҚАҢТАРДА КӨМІР ТАСЫМАЛЫ КҮРТ АРТҚАН

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша өткен қаңтар айында көмір тасымалының күрт артқаны байқалады. Бұл – назар аударуға тұрарлық дерек. Себебі, бұрынғы жылдардағы межемен салыстырғанда қатты отынды тиеу мен жеткізу бойынша жұмыстар қарқын алып, сәйкесінше көрсеткіш те артқан.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Мәселен, бір ғана қаңтар айындағы жоспар 106 пайызға артығымен орындалыпты. Небары бір ай ішінде Дегелеңнен тиелініп, шартарапқа жол тартқан көмір толы вагондар саны 12 565-ке жеткен.

– Бөлімше бойынша жүк айналымындағы көрсеткіштің өсуіне бірінші кезекте көмір тасымалы ықпал ететінін ескерсек, жоспарды мерзімінен бұрын орындау мүмкіндігі бар. Жыл сайын қаңтар-ақпан айларында жүк тасымалы біршама сабырлайтын еді. Алайда, биыл өзгешелік көп. Өткен айға сараптама жасай отырып, вагон айналымының да артқанын аңғардық, – дейді бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Айтолқын Мұхамедиярова.

Қазіргі күні «Жылукоммуэнерго» ЖШС мен «ВостокУгольПром» мекемесіне көмір жеткізу ісі жоспардың мерзімінде орындалуына септігін тигізуде.

Осы шаралардың нәтижесінде бөлімшедегі тораптық жүк станциялары Семей, Жаңа-Семей және Аягөз бен Шардағы техникалық жүк түсіру өткен ай бойынша 123 пайызға артыпты. Жоспардағы 132 вагонның орнына тәулігіне 163 вагон



түсірілген. Бұл өріне өткен жылдың қаңтарындағы көрсеткіштен әлдеқайда артық. Теміржолшылардың айтуынша, жыл басындағы жаңа жоспар бойынша Қаражырадан көмір тиеу кідіріссіз әрі жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл ретте Шығыстағы тұрмыстық-коммуналдық сала толықтай қатты отынмен қамтылған. Тек көмір тұйықтарында қарбалас көп, яғни, жеке сектор тұрғындары тарапынан түсетін өтіншітер әлі де бар.

Қазіргі таңда сонымен қатар, Семей мен Аягөздегі тұйық желілерде жеткілікті мөлшерде көмір қоры бар. Бұл орайда бөлімшенің басты әріптестері саналатын «Жігер» ЖШС мен «Семей көмір» ЖШС қатты отынның техникалық және сұрыпталған түрлерін саудалауда. Бағасы 9 500-ден басталады.

Әрбір теміржол тұйығының тәулігіне 19-21 вагон көмір түсіруге мүмкіндігі бар.

Бүгінде Дегелең станциясынан көмір тиелген ең кемі төрт пойыз тұрақты түрде жолға шығарылууда. Жылжымалы құрамдардың барлығы да ауыр салмақты болғандықтан пойыз құрастыру ісі біршама күш салуды талап етеді. Салмағы 6 200 тонналық 63 вагоннан тұратын жылжымалы құрамдар қозғалысында кедергі жоқ. Барлық жүк станцияларындағы маневрлік жұмыстар жеделдетілген түрде жүзеге асырылады. Бұл орайда айналымдағы локомотив пен вагон тапшылығын болдырмау – бөлімше басшылығының назарындағы тұрған бірінші мәселе.

Суретті түсірген автор

ЛУЧШЕ ПРЕДУПРЕДИТЬ



Под председательством генерального директора АО «KTZ Express» Нурлана Игембаева состоялось совещание по предупреждению и профилактике коррупционных проявлений среди железнодорожников.

В мероприятии приняли участие представители проектного офиса «Адал жол», департаментов корпоративной безопасности, защиты имущественных прав и Комплаенс-службы АО «НК «КТЖ».

По словам Нурлана Игембаева, борьба с коррупцией является одним из основных приоритетов.

– АО «KTZ Express» реализует комплексную программу противодействия коррупции. Она включает разносторонние и последовательные меры, которые обеспечивают прозрачность и недопущение коррупционных рисков на всех уровнях, – подчеркнул Нурлан Игембаев.

Жаныбек КЕНЕС, Нұр-Сұлтан

2 МЛН ТЕНГЕ ПАЙДА ТАПҚАН



«Жолаушылар тасымалы» АҚ-да экологиялық жағдайды жақсартуға қатысты жол картасының жүзеге асырылып жатқанына екінші жыл. ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес компанияда стационарлық нысандар мен жолаушылар вагондарында тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау саясаты жүргізілуде.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін компания тұрмыстық қалдықтарды сату есебінен 2019 ж. – 396 мың теңге, 2020 ж. – 684 мың теңге, 2021 ж. – 1 002 мың теңге, яғни барлығы 2 млн теңгеден астам кіріс алған.

Осы жылдың ақпан айында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Северный» жолаушылар тасымалы аймақтық филиалында пластикалық және алюминий ыдыстарды қабылдау пункті ашылды. Бұл теміржолшылардың шикізатты қайта өңдеуге қабылдау қызметтерінің өкілдерімен бірлескен жұмысының арқасында мүмкін болып отыр. Өнімді тапсырған әрбір қызметкерге қоқысты қайта өңдеу компаниясының преискуртанка сәйкес ақшалай сыйақы төлейді. Мәселен, кез келген түрдегі пластикалық бөтелке үшін 5 теңге, қаңылтыр банкасына – 2 теңге.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ мамандары, бұл жоба табығатты сақтауға және экомендікті дамытуға айтарлықтай үлес қосып, сондай-ақ теміржолдардағы, полигондардағы қоқыс көлемін азайтуға және шикізатты қайта өңдеудің ауқымын арттыруға көмектесетінін айтады. Бір ғана биылғы ақпан айының 1-10 күндері аралығында «Северный» аймақтық филиалының қызметкерлерінен 5894 пластикалық бөтелке мен 933 банка қайта өңдеуге жіберілген.

Ислам ТАЛҒАТ

РАЗВИТИЕ НОВЫХ МАРШРУТОВ ПО ПЕРЕВОЗКЕ КОНТЕЙНЕРОВ НА ЧЕРНОМ МОРЕ ПОЗВОЛИТ РАСШИРИТЬ ПОТЕНЦИАЛ МАРШРУТА MIDDLE CORRIDOR И ОБЕСПЕЧИТ УВЕЛИЧЕНИЕ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК В НАПРАВЛЕНИИ ВОСТОК – ЗАПАД И ОБРАТНО (КИТАЙ – СТРАНЫ ЕС) ДО 133 ТЫСЯЧ ДФЭ В БЛИЖАЙШЕЙ ПЕРСПЕКТИВЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ
ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР
АЙЫНДА ТЕМІРЖОЛ
КӨЛІГІМЕН

21 млн

ТОННАДАН АСТАМ ЖҮК
ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ
ӨТЕТІН

11

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДІҢ
БЕСЕУІ ТЕМІРЖОЛ
КӨЛІГІНЕ ТИЕСІЛІ.

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ АЙЫНДА

10,3 млн

ТОННА ТАС КӨМІР
ТИЕЛГЕН.

ТОЧКИ РОСТА



Рынок железнодорожных контейнерных перевозок ЕАЭС продемонстрировал очередной рекорд: в минувшем году перевезено более 6,5 миллиона ДФЭ, что на 12,1% превышает уровень 2020 года.

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Об этом на брифинге сообщила официальный представитель Евразийской экономической комиссии Ия Малкина. Важную роль в росте контейнерного потока ЕАЭС она отдала интеграционному проекту железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА».

В 2021 году ОТЛК ЕРА осуществляла более 80 процентов железнодорожных перевозок по маршруту через Казахстан и Беларусь по широкой колее Нового

Шелкового пути. Общая стоимость перевезенных товаров составила 45 миллиардов долларов, это 5,5% от стоимости торговли между Европой и Китаем.

– Рост перевозок крайне важен для реализации транзитного и логистического потенциала союза. В стратегию-2025 включены меры по созданию транспортных коридоров, увеличению пассажирских и грузовых перевозок, созданию и развитию транспортной инфраструктуры в ЕАЭС в направлениях Восток – Запад и Север – Юг, – подчеркнула Ия Малкина.

Среди возможных точек роста перевозок

на евразийском направлении в ОТЛК ЕРА отмечают использование железной дороги для оперативного возврата порожних контейнеров. В компании предлагают специальные тарифы на возврат порожних контейнеров, что является своего рода инвестициями в будущий рост объемов с Востока на Запад.

Кроме того, ОТЛК ЕРА также выступает в качестве пилотной компании по формированию экосистемы цифровых транспортных коридоров ЕАЭС и практической реализации проекта Единой системы транзита товаров. Так, в ноябре 2021 года осуществлена тестовая отправка порожних фитинговых платформ с применением только электронной накладной на маршруте Брест – Достык / Алтынколь. Это первый шаг по переходу на сквозной электронный формат транзитной накладной для перемещения грузов как по территориям стран – участниц ЕАЭС, так и в перспективе на всем маршруте Китай – Европа – Китай.

ЗАМАНАУИ ТАЛАПҚА САЙ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясында құрылғыларды заман талабына сай жабдықтап, қауіпсіздікті қамтамасыз ету көрсеткіштерін жоғарылату бағытында жүзеге асырылып жатқан игілікті істер аз емес.



Дистанциялықтар өткен жылдары бағдаршамдар жарығын арттыру мақсатында линзалық жиынтықтар жаңа жарықдиодты модульдерге ауыстыру жұмыстары қолға алынған болатын. Бұл жұмыс әлі де жалғасуда.

Сондай-ақ, мекеме жұмысшыларының күшімен Жетібай, Маңғыстау, Қарақия станциялары және «Р» бекетіне заманауи технологиялық микропроцессорлы диспетчерлік орталықтандыру құрылғылары іске қосылды. Осы қондырғының арқасында пойыздық диспетчерге жоғарыда көрсетілген станцияларды толық қадағалау мүмкіндігі туды. Нәтижесінде пойыз диспетчері станциялардың жағдайын бақылап, жолдардың бостығын, бағдаршамның ашылып-жабылып тұрғанын көріп, біліп отырады.

Сонымен қатар дистанцияның 16 бекеттегі жұмысшылары енді су жаңа модульдік ғимараттың игілігін көреді. Бекетте ескі электрондық орталықтандыру постының орнына барлық жағдайы жасалған, кондиционері, жылыту пештері бар, қажеттілікпен толық қамтылған модульдік ғимарат пайда болды. Аталған нысан байланыс саласының қызметкерлері үшін ыңғайлы жұмыс орны ғана емес, СОБ қондырғылары үшін де ыңғайлы, қауіпсіз және қолайлы орын болмақ. Бұған дейін пайдаланылып келген, 1982 жылы тастан салынған ескі ғимарат ішіндегі құрылғылар сәуір айында жаңа модульдік ғимаратқа көшірілмек.

– Линзалық комплектілерді жарықдиодты модульге ауыстыру жұмысы 2020 жылы басталды. Сол жылы мекеме бойынша 55 бағдаршамда линзалық комплектілер жарықдиодты модульге ауыстырылды. Бытыр да 44 данасы алынған еді. Қазір соларды орнату жұмысы жалғасуда. Ол Бейнеу мен Маңғыстау аралығындағы бекеттерде жүзеге асуда. Жұмыстар толық аяқталып, жаңарғаннан кейін бағдаршамның көрінуі жақсара түседі. Алыстан жарқырап көрініп тұратын болады. Мұның бәрі айналып келгенде қозғалыс қауіпсіздігін жақсартуға оң ықпал етері сөзсіз және заманауи талапқа сай, – дейді бұл туралы Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Кенгали Асқанбаев.

Суретті түсірген автор

БЕЛКӨЛДЕГІ БЫЛЫҚ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорданың іргесіндегі Белкөл станциясындағы былық туралы айтылып та, жазылып та жатқалы біраз уақыт болды. Алайда жағдайдың түзеле қойғаны шамалы дейді мамандар.

Мәселе – сапардан оралған жолаушылар вагондары осы бекетте күту пунктіндегі аялдамада тұрған кезде жолсеріктердің көмір қалдығын түсіріп кетуі тыйымалы отырғаны. Вагонның тұрған орнына төгіп тастап кететін күл-қоқысты жинау, арнайы орындарға төгу жайында жолаушы тасымалымен айналысатын мекемелерге талай құлаққағыс етіп, бірнеше мәрте қатынас хат та жазылған. Жағылған көмірдің күлі мен тұрмыстық қалдық құрамында экологияға қауіпті заттардың болуы әбден мүмкін. Ол ол ма, бекетке техникалық аялдама жасап, биоөжетханаларды тазалайтындар оны да сыртқа төгіп кетеді екен.

– Белкөл станциясының күту пунктіне аялдаған жолаушылар пойызы жолсеріктерінің бұл әрекеті осы телімдегі жолшылар қауымын қатты алаңдатады. Себебі төгілген көмір күлінің құрамында сөнбеген шок, шаласы болуы мүмкін. Ал ол шпал үстіне түсіп, өрт тұтанса не болмақ? Тіпті өртеніп кетпесе де рельстің, темірбетон шпалдың балқып өзгеріске ұшырап, сапасының бұзылуына бірден-бір себеп болады. Мұның алдын алу жұмыстары жасалғанмен, нәтиже болмай тұр, – дейді Магистральдық желі бөлімшесі өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бөлімі маманы Ұлжалғас Аманкелдіқызы.

Сондай-ақ, вокзалға жақын төңіректе тұратын тұрғындардың тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқысты да жол маңына төгіп кететіні аз емес екен.

Суретті түсірген автор



БИЫЛ МЫҢ ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖОЛ ТҮРЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ



«КТЖ» ҰК» АҚ пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын жол шаруашылығының инфрақұрылымдарын жақсартуға басымдық беріп, жыл сайын жұмыс көлемін арттырып келеді. Біз бүгін Магистральдық желі дирекциясына қарасты Жол және құрылыстар департаменті тарапынан өткен жылы атқарылған жұмыстар, цифрлық жобалар, тағысын тағы мәселелер төңірегінде департамент директоры Ербол Сәулебековті әңгімеге тарттық.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

– Ербол Тәңірбекұлы, теміржолдардың техникалық жағдайының жақсы не жаман екенін әдетте балдық бағалаудан білуге болады. Өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша көрсеткіш қай деңгейде болды?

– Иә, дұрыс айтасыз, балдық бағам – жол күтімінің көрсеткіші. Егер 2021 жылдың 12 айындағы жұмыс қорытындысына келсек, жолдың орташа балдық бағамы 68 бірлікті құрап, яғни «жақсы» деп бағаланды. Жоспар бойынша 75 балл шамасы межелеген болатын, бірақ жолшылардың ерен еңбегі нәтижесінде балдық баға жоспары 110% орындалды. Еліміздегі 47 жол дистанциясының 72% немесе 34 мекемесі жылды «жақсы», ал қалған 13 дистанция «қанағаттанарлық» бағаларымен қорытындылады. Жолдың ағымдық күтіміне қатысты жоспарлы-алдын алу жұмыстары 2021 жылдың жоспарына сәйкес толық көлемде орындалды. Жыл сайын жолдарды жақсы техникалық жағдайда ұстау үшін және жолдың үстіңгі қабатындағы ақаулы материалдарды ауыстырып, жаңарту үшін пайдалану бюджетіне 7-8 млрд теңге жұмсалды. Компания басшылығының теміржолдардың күтімін жасауға, қалыпты жағдайда ұстауға мүдделі болып отыр. Мәселен, өткен жылы 150 мың астам ағаш шпал, 4500 жуық ағаш брустер, 830 астам бағыттауыш өнімдері, 2000 астам рельс төсемелері, 513 жиынтық бағыттауыш бұрмалары сатып алынды. Соның 26 жиынтық бұрмасы жаңа құрылыс учаскелеріне бөлінді. Қазір біз жолдың ағымдық күтіміне қажетті үстіңгі құрылым материалдарын дер кезінде алу үшін тауарларды жеткізудің ұзақмерзімді шарттарын жасау бойынша процедуралар жүргізіп жатырмыз.

– Биыл жолды сауықтыру жұмысының көлемі көбейді ме? Күрделі жөндеу көлемі ше? Осы жылдың жұмыс жоспарымен бөліссеніз...

– Үстіміздегі жылы жолды сауықтыру жұмыстары жалғасады. Жалпы жөндеудің барлық түрімен 1053,3 км жолды сауықтыру жоспарланып отыр. Яғни, 2021 жыл көлемінен 24 шақырымға артық. Соның ішінде, биыл 551 км жол күрделі, 70 км күшейтілген орташа жөндеу, ал 62,1 км жол орташа жөндеуден өтпек. Бұдан бөлек, 75,2 км жолға СМД машинасын пайдалана отырып, рельс тірегі және 164,5 км жолдың рельс табанын жаңасымен тұтастай алмастыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 86,4 шақырым жолдың ескі жарамды рельс бұнақтарын, 44 шақырым жолдың рельстерін ескі жарамды түрлерімен алмастыру көзделуде.

– Естүімше, бытыр шаруашылық тәсілмен станциялық жолдар ұзартылыпты. Олар қай учаскелерде жүргізілді?

– Достық – Мойынты – Жезқазған – Илеқ және Алтынкөл – Шу – Арыс – Қызылорда – Қандыағаш – Илеқ контейнерлік пойыздарының жүру бағыты бойынша учаскелердің өткізу қабілетін арттыру шеңберінде 20 разьезд, Керкелмес және Боройнақ разьездеріне, сондай-ақ, Құншығыр станциясында



БЫТЫР ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ 440 ҚЫЗМЕТКЕРІ ТҮРЛІ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.

станциялық жолдарды ұзартуға қатысты шаруашылық тәсілмен жұмыстар жүргізілді. Балқаш және Алтынкөл станцияларында екі станциялық жол пайдалануға берілді. 2021 жылы «Түймонақ, Теректі станцияларының 60-разьездің автоматика, телемеханика және телекоммуникация станциялық құрылғыларын жаңғырту» және «№19 рзд – Достық аралығындағы екінші жол және №19 разьезде үш қабылдау-жөнелту жолының құрылысы» жобаларын іске асыру басталды.

– Сөз орайы келгенде, жол дистанциялары қызметкерлерін ынталандыру бағытында қандай шаралар қарастырылған? 2021 жыл қорытындысы бойынша қандай мекемелер үздік деп танылды?

– Өткен жылдың жұмыс қорытындысы бойынша Достық, Атбасар, Сексеуіл жол дистанциялары үздік деп танылды. Компания қызметкерлерін ынталандыру барысында екі әдіс қолданылады: материалдық және моральдық әдістер. Мәселен, еңбек және өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу нәтижелері бойынша жол монтерлері мен жол бригадирлеріне еңбекке қатысу коэффициентіне байланысты ай сайын жалақысына 20% үстемеақы төленеді, сондай-ақ тоқсан сайын өндірістік көрсеткіштерді орындау нәтижелері бойынша алғашқы 10 орын алған жол дистанциясы ұжымына тоқсандық сыйлықақы төленеді. Тағы бір атап өтерілі, 2021 жылы желілік деңгейдегі қызметкерлердің жалақысы 21%-ға өсті. Сонымен қатар мерекелік күндерге жол дистанциясының қызметкерлері құрмет грамоталарымен, төсбелгілермен, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қол жеткізген нәтижелері мен жол және құрылыстарды сапалы ұстағаны үшін ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Мәселен, бытыр жол шаруашылығының 440 қызметкері мемлекеттік

наградамен марапатталды.

– Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау – қай шаруашылыққа болсын жүктелетін басты мәселе. Осы бағытта атқарылған шаруалар легі қандай?

– Өткен жылдың он екі айында біздің департамент бойынша пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзған 56 оқиға тіркелді. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 4 оқиғаға кемді. Осы арада, бұзушылықтың басым бөлігін, мал-жанның пойызға басылуы және жол-көлік оқиғасы құрап отыр. Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау үшін бытыр біраз шаруа жүргізілді. Айталық, малдың жолға шығып кетпеуі үшін 1005 шақырым жол бойына қоршау орнатылып, 560,5 км бойындағы қоршаулар жөндеді. Халық арасында 1500 жуық жиналыс өткізіліп, оның барысында малды бағу, малды теміржолдан өткізу ережелері таныстырылып, жадынамалар таратылды. Сонымен қатар еліміз бойынша 43 мыңнан астам адамды қамтыған жындыр өтіп, адамдардың пойызға басылып қалуының алдын алған әңгімелер жүргізілді, құқыққорғаушы органдармен бірлескен 664 рейд ұйымдастырылып, оның барысында 25 әкімшілік айыппұл салынды. Сондай-ақ, өткелдерде жол-көлік оқиғасын болдырмау үшін 1500 астам рейд жасалды, 400 жуық ереже бұзушылық анықталды, 130 мыңға жуық жүргізуші ережемен танысты.

– Ербол Тәңірбекұлы, сұхбатымыздың соңында жол шаруашылығына енгізіліп жатқан цифрлық трансформация жобалары жайлы айтып берсеңіз, жолшылар жұмысын жеңілдетіп жатқан қандай жаңа технологиялар бар?

– 2021 жылы рельстерді қайта төсеу үшін 2 бірлік өздігінен жүретін машина сатып алынды. Бүгінгі таңда мұндай машиналардың 4 бірлігі «КТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Ақаулы машиналандырылған жол дистанциясында қолданылып жүр, олардың көмегімен 2020 жылы Алтынкөл жол дистанциясында 128 км мөлшерінде рельс бунағы ауыстырылды. Қазіргі уақытта жол шаруашылығында Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясымен бірлесіп ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, рельс бұнақтарын есепке алу мен бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің жобасы. Бұл жоба бұнақтарды бәсеңдету және сәйкестікке келтіру бойынша уақытты шаралар қабылдауға, сондай-ақ қалыптастыру сатысында техникалық құжаттаманы жүргізуге мүмкіндік береді. Дирекция алға тартқан мәлімет бойынша, бүгінде жобаның дайындығы 80 пайызды құрап отыр. Пилоттық жоба наурыз айына жоспарланған. Жоба бойынша, түйіспесіз жолдың бұнақтарын аралыққа дейін және блок-учаскеге дейін ұзарту, бағыттапталы бұрмалардың металл бөліктерін балқыту (айқастырмаларды балқыту) әдісімен қалпына келтіру; сондай-ақ, рельс бұнақтарындағы ақаулы жерлердің сынып азайту үшін алюминотермиттік дәнекерлеуді қолдану қарастырылған.

– Әңгімеңізге рахмет!

Суретті түсірген автор

АҚАУДЫ АНЫҚТАУ – АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛУ



Арыс вагон пайдалану депосы – Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бойынша аймақтағы вагон шаруашылығының бары мен жоғын түгендейтін бірден бір мекеме.


Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

Құрамында алты техникалық қызмет көрсету, он екі бақылау бекеті мен алты ағымдық ағытып жөндеу пункті бар. Жалпы кепілдік иіні 2578 шақырымды құрайды.

Өткен жылдың он екі айлық көрсеткіші бойынша Арыс вагон пайдалану депосы 76145 пойызды қабылдап-өткізген. Ағымдық ағытып жөндеу пункттерінен 5140 вагон жөнделіп шықты. Соңғы жылдары депондық вагон қараушылары ақаулы вагондарды анықтап, апаттың алдын алуға зор үлес қосып келеді.

Еске сала кетсек, қазіргі кезде өткен жылдың 1 қарашасынан басталып, осы жылдың 1 наурызына дейін жалғасатын «Бүйір рамаларын бақылау» айлығы өтіп жатыр. Осы айлық барысында ерекше көзге түскен вагоншылар аз емес.

– Тәжірибелі вагон қараушыларымыздың



қырағылығы талай апаттың алдын алуға. Айталық, 32 жылдық еңбек өтілі бар Бақтияр Мамарасулов былғы 10 ақпанда 95037834 нөмірлі вагонның бүйірлік рамасынан ұзындығы 31мм-лік жарықшақ тапты. 1994 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан білікті маман Бауыржан Алтынбаев 14 қаңтарда №28067635 вагоннан бүйірлік раманың ұзындығы 70 мм жарықшасын анықтады. Ал Шәкен Айдос небары үш жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жас маман болса

да өткен жылдың желтоқсан айында бүйірлік рамадан ақау тауып, ағытып жөндеу пунктіне жөнелтті. Сергіз жыл еңбек өтілі бар Нұржан Қонысов та 10 ақпан күні 50674969 нөмірлі вагоннан 16 мм-лік бүйірлік раманың ойығын байқап қалып, қауіптің алдын алды. Айлық аясында Мақсат Сатыбалдиев пен Әкім Анарбеков те бүйір рамасындағы ақауды анықтады, – дейді Арыс вагон пайдалану депосының бас инженері Ғалым Байзақов.

Суретті түсірген автор

МИНИМИЗИРОВАТЬ НАРУШЕНИЯ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Об этом сообщил главный ревизор департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбек Альмуразаев.

Согласно статистике, в прошлом году всеми участниками перевозочного процесса допущено 117 нарушений безопасности движения против 122, по Карагандинскому отделению ГП и отделению магистральной сети их количество снижено на 12 случаев (7 против 19).

– Это хорошие показатели, и сегодня мы видим, что политика КТЖ повсеместно принимается участниками транспортного рынка. Таким образом, происходит обеспечение заданного уровня безопасности

В Карагандинском отделении ГП снизилось количество нарушений, связанных с безопасностью движения.

движения, сохранности жизни и здоровья людей, грузов, подвижного состава, объектов инфраструктуры, минимизируются последствия от транспортных происшествий, – отметил Булатбек Альмуразаев.

Что касается предприятий филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП», то к периоду прошлого года достигнуто снижение нарушений безопасности движения на 8 случаев.

В разрезе хозяйств нарушения допущены: 12 – ремонтными предприятиями вагонного комплекса, 4 – ремонтными предприятиями локомотивного комплекса и тремя прочими предприятиями хозяйства движения, одним предприятием пассажирского комплекса, 5 – ремонтными предприятиями путевого хозяйства, 2 – прочими предприятиями

хозяйства энергоснабжения, одно – прочими предприятиями грузового хозяйства, 35 – юридическими лицами.

Безусловно, самая актуальная и тревожная тема на сегодняшний день – печальная статистика по наездам на людей. По Карагандинскому участку за прошлый год зарегистрировано 5 случаев наезда на людей, в 2020 году их было 11. В 2021 году погибли 3 человека, 2 получили травмы различной степени тяжести.

Несмотря на регулярную профилактическую работу, проводимую сотрудниками ЛОП, железнодорожных структур, акиматом, проблема нахождения схода на путях решается с большим трудом, хотя прослеживается и положительная динамика. Так, за 12 месяцев 2021 года допущен 171 экстренное торможение против 267 в 2020 году, то есть наблюдается снижение на 96 случаев.

– Приведенная статистика свидетельствует об улучшении показателей в сфере железнодорожного транспорта, однако есть к чему стремиться, и эти цифры необходимо свести к минимуму, – констатирует Булатбек Альмуразаев.

Рационализаторство

ФИКСАТОР ПЕРМЯКОВА

Последнее рационализаторское предложение машиниста тепловоза Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Алексея Пермякова направлено, прежде всего, на безопасность движения поездов. Его фиксатор соединительного рукава для тормозов железнодорожного подвижного состава помогает в сохранности оборудования локомотива, сэкономить время, материалы.



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Алексей Пермяков рассказывает, что сейчас встречаются авторы рацпредложений, которые черпают свои идеи из Интернета. Но свое техническое решение он придумал, исходя из собственного опыта.

– Съел на этом собаку и набил руку, – шутит он. – Ситуации на железной дороге бывают разными. Например, когда зимой поезд попадает в снежные перемыты, а это вещь жесткая, кольцевой рукав слетает. Соответственно, портится. Надо было найти выход из такой ситуации.

В описании рацпредложения Алексея Пермякова сказано, что «при эксплуатации локомотивов в сложных погодных условиях происходит выход из зацепления с кронштейнов тормозных концевых рукавов, что может привести к дальнейшему обрыву концевой рукава при движении поезда в пути следования». Потребуются дополнительное время на устранение неисправности, расход материалов на новый концевой рукав. Помимо этого, такая ситуация нарушает безопасность движения поездов, поскольку детали падают на путь.

Вот машинист тепловоза Пермяков и создал фиксатор соединительного рукава для тормозов железнодорожного подвижного состава, чтобы тормозные соединительные рукава не выходили из зацепления с кронштейном.

– Польза своего рационализаторского предложения теперь нужно доказывать. Поэтому я сам сделал это устройство в гараже, приехал и поставил, – вспоминает Алексей Пермяков.

Такой фиксатор можно применять на железнодорожном



УСТРОЙСТВО ИСКЛЮЧАЕТ ПРОСТОЙ ЛОКОМОТИВОВ ПО СМЕНЕ И РЕМОНТУ ТОРМОЗНЫХ КОНЦЕВЫХ РУКАВОВ, ВЫХОД ИЗ ЗАЦЕПЛЕНИЯ ГОЛОВКИ ТОРМОЗНОГО РУКАВА, ПАДЕНИЕ ДЕТАЛЕЙ НА ПУТЬ В СЛУЧАЕ ВОЗНИКНОВЕНИЯ НЕСТАНДАРТНОЙ СИТУАЦИИ.

ном подвижном составе, где установлены соединительные рукава типа Р17Б.

Для внедрения устройства необходимо изготовить фиксатор из листового металла толщиной 8 мм, согласно схеме-чертежу. Еще понадобятся два болта с гайкой М-8. В кронштейне держателя кольцевого рукава для установки фиксатора нужно изготовить технологические отверстия диаметром 8 мм. Наконец, фиксатор необходимо установить на подвижной состав.

«Фиксатор крепится к стандартному кронштейну, расположенному на путеочистителе подвижного состава при помощи болта на подготовленные отверстия диаметром 8 мм с учетом свободного хода фиксатора. Принцип его действия таков – фиксатор переводится в положение «открыто»; тормозной рукав устанавливается в зацепление с кронштейном; фиксатор переводится в положение «закрыто»; фиксируется штифтом», – указано в описании рационализаторского предложения.

Устройство исключает простой локомотивов по смене и ремонту тормозных концевых рукавов, выход из зацепления головки тормозного рукава, падение деталей на путь в случае возникновения нестандартной ситуации.

Как говорят в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо, от такого рационализаторского предложения можно извлечь максимальную выгоду с минимальными затратами при эксплуатации.

Ранее такой метод в депо не применялся и является новым техническим решением.

– У меня много еще нереализованных рацпредложений, – делится Алексей Пермяков. – Конечно, на их описание, реализацию, внедрение необходимо время. Я рад, что технический совет второго уровня оценил мое предложение по установке фиксатора.

Фото Алексея ПЕРМЯКОВА

ПОСТОРОННИМ НА ПУТЯХ НЕ МЕСТО!



ПРОФИЛАКТИКА

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

С начала этого учебного года проведено 15 разъяснительных бесед по предупреждению наездов в столичных школах №25, 36, 61, 26, 21, 49, 23, 34, колледжах КазАТК, Многопрофильном, а также Высшем колледже транспорта и коммуникаций. Охвачены 5 056 школьников и студентов.

Дежурный состав, в который вошли главный специалист станции Нур-Султан Маржан Айтмаганбетова, инженер-технолог Астанинского эксплуатационного локомотивного депо Алмас Сальков, начальник мобильной группы Анатолий Потапов, а также сотрудник линейного отдела полиции Талгат Азербай, регулярно ведет такую работу. – Каждый из нас так или иначе сталкивается с железной дорогой: одни чаще, другие реже. Кто-то ежедневно пересекает



железнодорожные пути, следуя в школу, на работу, тренировку. Важно помнить, что стальная магистраль – зона повышенной опасности, и она не прощает ошибок, невнимательности и спешки, – отмечает Маржан Айтмаганбетова. – Зачастую дети устраивают игры и забавы в самых неподходящих местах. Во время встреч со школьниками мы рассказываем об опасности таких развлечений, объясняем

правила пересечения железнодорожных путей, демонстрируем видеоролики, раздаем памятки.

С начала 2022 года в рамках разработанных Акмолинским отделением ГП мероприятий повторно проведена разъяснительная работа в школах №21, 49 и колледже КазАТК с охватом 615 учащихся.

Кроме того, тот же дежурный состав, включая заместителя начальника ТОО «ВЖД» Талгата Надырханова, два раза в месяц

проводит рейды с населением по предупреждению наездов, распространяет памятки: «Опасно! Железнодорожные пути являются объектами повышенной опасности». В 2022 году состоялось уже три беседы с охватом более чем 40 жителей столицы.

– Для более эффективной работы на эту тему за прошлый год снято три видеоролика, которые размещены на YouTube и сайте КТЖ. Ссылки на них мы разослали также в близлежащие школы, – говорит Маржан Айтмаганбетова.

Начальник станции Нур-Султан Дастан Жумамалда постоянно участвует в совещаниях Сарыаркинского района столицы по обсуждению проблемных вопросов, в том числе профилактики непроизводственного травматизма на железнодорожных путях.

Обо всех выявленных случаях нарушений безопасности движения – ДТП, экстренных торможениях из-за перехода путей в неуставленных местах – работники станции своевременно сообщают в линейное отделение полиции и ТОО «ВЖД» для привлечения виновных к административной ответственности. Фото Маржан Айтмаганбетовой

НА ПОДМОГУ – ВТОРАЯ ОЧЕРЕДЬ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Нур-Султан



СНЕГОБОРЬБА

Вторая половина февраля в Акмолинском регионе выдалась особенно снежной. На минувшей неделе из-за ухудшения погодных условий вышли сотрудникам вокзала «Нурлы жол».

Работники второй очереди привлекаются на снегоборьбу в связи с обильными осадками по приказу руководства отделения грузовых перевозок (НОДГП) и магистральной сети (НЖС).


15-16 февраля устранять последствия сильного снегопада на станционных путях и стрелочных горловинах в столице дополнительно вышли 32 работника вокзала «Нурлы жол».

– Снегоборьба является важным звеном обеспечения безопасности движения поездов в зимний период. Поэтому она должна проводиться качественно и в оптимально сжатые сроки, – отметила заместитель директора по производству филиала АО «КТЖ» – «Железнодорожный вокзальный комплекс Астана» Айгуль Уксикбаева. – Сотрудники нашего вокзального комплекса всегда с энтузиазмом выходят на очистку железнодорожной инфраструктуры в качестве второй очереди, совместными усилиями обеспечивая бесперебойную работу железнодорожного транспорта.

За два дня работники «Нурлы жол», вооружившись необходимым инвентарем, убрали со станционных путей порядка 7 кубометров снега. Особую активность в борьбе с осадками проявили дежурные вокзального комплекса первой и третьей смен.

ПОСТОЯННЫЙ ПРОГРЕСС

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ИТОГИ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» озвучили эксплуатационные показатели с начала года. Так, грузооборот за январь выполнен к плану на 102,8%.

Выгрузка вагонов составила 101,9%, процент порожнего пробега вагонов – 105,8%. Универсальный показатель работы отделения – оборот вагона – ускорен к плану на 0,04 суток, что выше уровня прошлого года на 7,4%. Увеличена и производительность локомотива – 102,7%.

По мнению заместителя директора Костанайского отделения грузоперевозок Ильаса Исмаилова, анализ выполнения показателей работы свидетельствует о тенденции роста.

– В целом наши эксплуатационные показатели постепенно и постоянно растут. И в этом заслуга каждого работника компании, которые, трудясь на своем месте, стремятся внести посильный вклад в общее дело, – говорит Ильяс Исмаилов.

Для достижения всех намеченных на текущий год целей в отделении разработаны мероприятия по повышению эффективности работы, в частности, по выполнению планов погрузки и достижению результативности других эксплуатационных показателей, направленных на обеспечение бесперебойных и безопасных перевозок и дальнейшее усовершенствование работы Костанайского отделения ГП.

ЗНАНИЯ – В РОСТ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



ОБУЧЕНИЕ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» продолжается трехмесячник «Повышение уровня профессиональных знаний», который завершится 17 апреля 2022 года. В ходе обучения будут охвачены 771 работник станции, локомотивных и вагонных депо.



Главная цель месячника – повышение уровня знаний работников станций, эксплуатационных локомотивных и вагонных депо, а также организация качественного технического обучения.

Для железнодорожников организованы теоретические и практические занятия с приглашением представителей дистанции сигнализации и дистанции пути. Также для закрепления изученного материала провели практические занятия на специализированных полигонах и тренажерах, где отрабатываются навыки по действиям в нестандартных ситуациях и нахождению возможных путей решения поставленных задач.

– Руководство Акмолинского отделения ГП уделяет особое внимание вопросам технического обучения, профессиональной подготовки работников. Так, для обновления наглядных пособий в технических классах и кабинетах в 2021 году приобретено более тысячи плакатов, 30 альбомов и стендов технической учебы, аналогичная работа будет продолжена и в этом году, – отметил главный инженер Акмолинского отделения ГП Сайран Баржакин.

Фото автора

ҮЗДІК ТӘЛІМГЕРЛІК ТӘЖІРИБЕ



Ұлттық компанияда жүзеге асырылатын «Жас темір» бағдарламасы темір жол саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету және үздік тәлімгерлік тәжірибені дамытуды көздейді. Бағдарламаға Қазақстан азаматтығы бар, 2020, 2021, 2022 жылдардағы теміржол саласы оқу орындарының бакалавр түлектері қатыса алады. Қатысушылар Нұр-Сұлтан қаласындағы «ҚТЖ» ҰК АҚ құрылымдық бөлімшелерінде әрқайсысы 5 айлық 3 ротациядан өтеді.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Бағдарлама аясында биыл қатысушыларды бірнеше мамандық бойынша ротациялау жоспарлануда. Атап айтқанда, өндірістік учаскенің инженер-технологы, өндірістік-техникалық бөлімнің инженері, орталықтандыру және блоктау сигнализациясы электромеханигі (СЦБ), мобильді диагностикалық кешен, жол өлшеуіш вагонының инженер электронцигі, вагон шаруашылығының маманы, еңбекті қорғау мамандары және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі маман, жүк тасымалы логистикасы жөніндегі инженер, вагон шаруашылығы инженері, темір жол көлігіндегі маркетинг жөніндегі менеджер, көлік логистикасы, жүк және коммерциялық жұмыс жөніндегі менеджер.

– Бұл бағдарлама арқылы жас маман не алады? Әр ротация алдында оқытылады, әр қатысушыға жеке тәлімгерлер бекітіледі, негізгі мамандық бойынша 3 ротациядан өтеді, ай сайын жалақы алады, компания есебінен жатақхана беріледі, жоспарлау мақсаттары және жеке даму жоспарлары айқындалады. Сонымен қатар көптеген тағыстар және кәсіби мамандармен қызмет ету мүмкіндігі пайда болады. Бағдарламаны сәтті аяқтаған үздік қатысушылардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар, – дейді компанияның персоналды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева.

Сондай-ақ ол «Жас темір» бағдарламасына қатысушыларға бекітілетін тәлімгерлердің де қандай мамандар екенін атап кетті. Олар – өз саласының кәсіби мамандары, компанияда 3 жылдан аса жұмыс істеген, басқару

саласында тәжірибесі бар, бөлім меңгерушісі/орынбасары қызметін атқаратын теміржолшылар.

«ҚТЖ» ҰК АҚ 2022 жылы аталған бағдарламаны келесі бағыттар бойынша қайталауды жоспарлап отыр: темір жолдар, теміржол құрылыстары құрылысы; автоматтандыру және басқару; электр қуаты; автоматика, телемеханика және темір жолдағы байланыс; қауіпсіздік және еңбекті қорғау; маркетинг және логистика; тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалыс және операция, көлік; көлік, көлік техникасы және технология.

«Жас темір» бағдарламасына қатысуға өтінімдерді қабылдау 2022 жылдың 1 қаңтарынан басталды. Іріктеу кезеңдері бойынша қатысушылар мотивациялық эссе жазады, профильді тест тапсырады, олардан құзыреттілік сұхбат алынады, байқау комиссиясымен сұхбатқа шақырылады.

ЗНАМЕНИТЫЙ КОНКУРС ЗАПУСТЯТ В УСТЬ-КАМЕНОГОРСКЕ



Железнодорожникам из Защитинского региона предложили посоревноваться за звание самого креативного, талантливого и находчивого. В свободное от работы время, конечно. С 1 марта здесь запустят уже ставший широко известным конкурс «Минута славы «Казпрофтранс-2022».

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В ежегодном конкурсе «Минута славы «Казпрофтранс» свои таланты могут показать и сами железнодорожники, и члены их семей. Выявление одаренных и креативных – одна из задач организаторов. А для железнодорожников это прекрасная возможность «поколдовать» вместе с семьей.

Как рассказала представитель Центрального совета АО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева, конкурс был организован по Защитинскому региону и впервые проводился в 2018 году.

– Этот год особенно значим для нас, мы отмечаем 30-летие АО «Казпрофтранс», 25-летие АО «НК «ҚТЖ», – отметит

профсоюзный актив железнодорожных предприятий Усть-Каменогорска на своей странице в Instagram.

Конкурс проведут по шести номинациям: «Лучшая песня», «Лучший танец», «Лучший стих», «Лучшая сценка», «Необычный номер», «За творческий успех». При этом организатор оставляет за собой право дополнить список номинаций.

Видеовыступления участников будут размещены в аккаунте профсоюза в Instagram. Соответственно, голосовать за лучшего из них смогут все желающие, зашедшие на страницу. Конкурс продлится до 1 декабря 2022 года. Подведение итогов конкурса и награждение победителей состоится на торжественном мероприятии, посвященном Дню Независимости РК.

Спорт

ШАҢҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ САЙЫС

Қысқы Олимпиада тұсында теміржолшылар шаңғы жарысынан бақ сынады. Байрақты бәсеке «Қазкөліккәсіп» мекемесінің 30 жылдығы және Қазақстан теміржолының құрылғанына 25 жыл толуына арналды.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Қысқы спорт түрлерін дамыту, салауатты өмір салтын сақтау – теміржолшылар үшін дәстүрлі шаралардың бірі. Оның ішінде қысы қарлы болатын Ақтөбе өңірінде шаңғы спортына ерекше көңіл бөлінеді. Табиғат аясында өткен шаңғы жарысы теміржолшыларға ерекше көңіл күй сыйлады. Қызметтік формаларын спорттық киімге ауыстырған олар өздерін кәсіби спортшылардай сезінуге мүмкіндік алды.

– Аймақтағы барлық ұжымнан спорттың осы түрін айналысатын теміржолшылар белсене қатысты. Жарыс жолына ерлер де, нәзік жандар да, ардагерлер де шықты. Барлығы да нағыз спортшылардан кем түспеді. Ең бастысы, жарақатсыз өтті, – дейді спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.

Жарыс кезінде, әсіресе жылдамдық пен шеберліктің озық үлгісін көрсеткен жастардың жарысы ерекше екіпіннен өтті. Жастар арасындағы бәсекеде Вагон сервис мекемесінің қызметкері

Азамат Асқаров 1-орынды еншілесе, Рустам Қосалов 3-орынды иеленді. Ал Жіңішке станциясынан Озат Оралтаев 2-орын алды.

Әйелдер арасында Жіңішке станциясынан Кенжегүл Құрманова мен ардагер теміржолшы Гүлнұр Ысқақова сұрылып алға шығып, 1-орынды бөлісті. НЖС-11 қызметкері Алмагүл Ислямова екінші орын иеленді.

– Дені саудың – жаны сау. Осы ұстанымды ұстанамын. Жарыс тамаша өтті. Ауа райы да керемет болды. Теміржолшылар бір сергіп қалды, – дейді ардагер теміржолшы Гүлнұр Ысқақова.

Аймақтағы ардагер теміржолшылардың да белсенділігі жоғары болды. Белгіленген қашықтықты бағындарған карт теміржолшылар арасында Әскерлендірілген теміржол күзетінің ардагері Сәндібек Қауменов 1-орын, Ардагерлер кеңесінің өкілі Жұмабай Отарғалиев 2-орын, Біржан Орынжан үшінші орынды иеленді.

Жарыс жеңімпаздары арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Суретті түсірген автор

В этом году запланированы на январь соревнования среди уральских железнодорожников по лыжным эстафетам пришлось отложить: непростые внутриполитическая и эпидемиологическая ситуации не позволили. Тем радостнее стал февраль с хорошим снегом и «лыжной» погодой.



ДАЕШЬ ЛЫЖНЮ!

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Организовали выезд на спортивную базу «Динамо», расположенную на живописных берегах реки Чаган, председатель профсоюзного комитета Актюбинского отделения ГП по Уральскому региону Едил Алпысов и спортивный инструктор Актюбинского отделения ГП по Уральскому региону Болат Карлибаев. Инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов вместе с Болатом Карлибаевым проводили инструктаж, помогли с подбором лыж и обуви на станции проката.

В лыжной прогулке приняли участие 17 работников станции Уральск, Уральского эксплуатационного вагонного депо, управленческий персонал с семьями. Лыжня проложена в Ханской роще – лесном мас-

сиве, расположенном между реками Уралом и Чаганом, его притоком.

Это излюбленное место отдыха уральцев уже более двух веков. В XIX веке именно здесь проходили церемонии возведения в ханы Бокея и последнего хана казахской степи Жангира, принимали Цесаревича Николая. В Ханскую рощу было принято возить всех знатных особ, приезжавших в Уральск. Тут бывали Александр Пушкин, Владимир Даль, Лев Толстой, Владимир Короленко.

Рельеф рощи в зимнее время позволяет прокладывать маршруты разной сложности, для всех возрастов и уровней подготовки. Завершилась воскресная прогулка уральских железнодорожников горячим чаем с выпечкой.

Фото автора

РЕВАКЦИНАЦИЯДАН ӨТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Батыс аймақтық теміржол филиалында 10 мыңнан аса теміржолшы коронавирус індетіне қарсы екпе алды. Нәтижесінде 94 пайыздан жоғары көрсеткішпен ұжымдық иммунитет қалыптастырды. Бұл туралы көліктегі санитар мамандармен өткен семинар-кеңесте айтылды.



Ардақ СЕРДАЛЫ,
Ақтөбе

Ақтөбе бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы теміржолшыларға екпенің келесі компонентін алып, ревакцинациядан өтуге шақырды. Санитар мамандар теміржолшыларды COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы ревакцинация жүргізу және «Ashyq» жобасының алгоритмі бойынша іс-шараларды күшейту жөнінде ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысымен тағайындады.

– Енді коронавирусқа қарсы ревакцинацияны 9 емес, 6 айдан кейін жасай беруге болады. Әлемде қалыптасқан эпидемиологиялық ескеру отырып, иммундау жөніндегі ұлттық консультативтік комиссия халықты қайта вакцинациялау тактикасын қарады. Осылайша, бұған дейін вакцинацияның екі дозасын алған барлық адамдар 6 ай өткен соң қайта екпе ала беруге болады деген шешімге келді, – дейді Ақтөбе көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Жадыра Алданова.

Санитар мамандар келтірген мәліметтерге сүйенсек, 2021 жылдың қорытындысы бойынша теміржол көлігі саласында қызмет етіп жүрген 11442 теміржолшының 10593-ы екпе алып, 94% көрсеткішпен ұжымдық иммунитеттің жоғарғы көрсеткішін қалыптастырған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР ЭК 58-бабы, 2-тармағы мен 73-бабы 1-тармағының талаптарына сай «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС 03.03.2022 жылы Бірыңғай экологиялық порталында (Ecorportal.kz) Қызылорда облысы аудандарында орналасқан «Теміржолсу-Қызыл-Орда» ЖШС нысандарының қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасын қоғамдық талқылау өткізіледі.

Жобаға қатысты құжаттармен танысу, ескерту мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Теміржолсу-Қызыл-Орда» в соответствии с требованиями п. 2 ст. 58 и п. 1 ст. 73 ЭК РК сообщает, что с 03.03.2022 года на Едином экологическом портале (Ecorportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду для объектов ТОО «Теміржолсу-Қызыл-Орда», расположенных в Кызылординской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале Ecorportal.kz для предоставления замечаний и предложений.



В рубрике «Рука помощи» мы призываем вас оказать посильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистральной, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Племянница оператора перевозочных документов станции Жана (Карагадинская область) Айгуль Саулебековой Айсемиз Жанбырбай больна. Девочке год и 3 месяца, но она не может ползать, ходить, самостоятельно есть ложкой и пить из стакана, как ее сверстники. У нее спинальная мышечная атрофия второго типа, сидячая (СМА 2) – редкое генное заболевание. Для лечения нужен укол Золгенсма. Необходимо сумма сбора – 1 000 000 000 тенге. Без нашей с вами помощи родителям Айсемиз таких средств не собрать.

Реквизиты Жанна А. (мама):
Kaspi 4400 4301 7914 9643, или по номеру телефона 8 778 186 3935;
Народный банк 5522 0433 6298 6174, или по номеру телефона 8 778 186 39 35;
АО «Сбербанк Казахстана»
Zhanna Aldabergenova 4263 4333 3781 5549 (тенге)
4263 4333 4363 5154 (рубль)
4263 4333 4985 1151 (доллар)

Беда поступала и в дом дежурной вокзального комплекса отдела организации технологического процесса филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Железнодорожный вокзальный комплекс Астана» Дианы Акментовой. У ее 14-летнего сына Диаса обнаружили опухолевые образования в дистальном отделе правой бедренной кости, диафизе, заднем метафизе и параостальных мягких тканях, множественные узловые метастазы, самый крупный из которых имеет диаметр 2,3х2,2 см, наблюдаются в параостальном, подкожном и внутримышечном отделах.

В настоящее время с диагнозом «Саркома мягких тканей» (CWS) ребенок находится на стационарном лечении в Турции, где перенес несколько операций и получает химиотерапию. Диана Акментова – мама четверых детей. Для оплаты лечения сына семья продала квартиру и автомобиль и сегодня находится в крайне сложной финансовой ситуации. Поэтому не в силах самостоятельно оплатить дальнейшие операции и лечение Диаса.

Реквизиты Kaspi 4400 4301 2617 9602, или по номеру телефона 8 701 142 31 00. Диана А. (мама)



Экологичность | Альтернатива | Адаптация | Глобальность | Ответственность



Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол»,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаява 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.